

Хаттамасы № 1

Жарқамыс орта мектебінің "Қамқоршылық" кеңестің отырысы

Өткізілген күні : 04.10. 2021ж. сағ 10.00

Өткізілетін орны : Акт залы

Қатысуға тиіс - 13

Қатысқаны - 13

Қатыспағаны - 0

Күн тәртібінде:

1. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау, Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

2. "Мектепке жол" акциясы барысында аз қамтылған, көпбалалы отбасыларына көмек көрсету.

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагог Қарашолақова Н.

Мұқтаж балаларға материалдық көмек көрсету үшін алдымен класс жетекшілермен бірлесе отырып, көмек әртүрлі әлеуметтік топтағы оқушылар анықталды. Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелерімен, жеке кәсіпкерлермен ынтымақтастықта ұйымдастырылады. Әлеуметтік көмекке мұқтаж балаларға қайырымдылық көмек көрсетіліп, мектепке қажет киім, аяқ киім, құрал-жабдықтармен, тамақ өнімдерін қабылдау жұмыстары жүргізіледі. Сол себепті көмекке мұқтаж балаларға көмек қолын созуымыз қажет. Осы мақсатта мектепте әлеуметтік аз қамтылған балаларға көмек көрсету үшін ауыл мекемелерімен байланысып, көмек ұйымдастырылады.

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша ыстық тамақ беріледі. Қазіргі уақыттағы еліміздігі пандемияға байланысты ыстық тамақ тоқтатылды. Ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың негізгі құрамы, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары, әлеуметтік жағдайы төмен, жетім, көпбалалы отбасылар, күнкөріс деңгейі төмен отбасыларда тәрбиеленетін оқушыларды құрайды. 1 қазаннан бастап 50 оқушы қамтылды. Әлеуметтік жәрдемақы алатын оқушылар бар. бірінші кезекте осы оқушылар ыстық тамақпен қамтылды. Өткен оқу жылы бойынша ыстық тамақтың орнына 50 оқушыға киім-кешек берілді.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагог - Қарашолақова Н.

Акцияның мақсаты оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасыннан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, ата-анақамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету мақсатында "Мектепке жол" акциясы оқу жылының басында тұрақты жүреді. Класс жетекшілермен бірлесе отырып, әлеуметтік жағдайы зерттеліп акцияға тартылады. 2021-2022 оқу жылы бойынша "Мектепке жол" акциясына барлығы 10 оқушы қамтылды. жарқамыс ауылдық әкімшілік мекемесі - 2 оқушы, бала бакша - 2 оқушы, мәдениет үйі - 1, мектеп ұжымы - 5 оқушы қамтылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөйлеушілер:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Рахманова Бағдагүл шығып өз ойымен бөлісті.

Қамқоршылық кеңесінде айтылған ұсыныс-пікірлерді тыңдай келе қаулы етеді.


1. Анықталған оқушылардың құжаттарын жинақтау әлеуметтік педагогке Н. Қарашолақова тапсырылсын.
2. Тамыз-қыркүйек айларындағы ұйымдастырылған "Мектепке жол акциясы өз жұмысын жалғастырсын."

Жиналыс төрайымы



Нұрдәулет Ғайнжамал

Қамқоршылық кеңес мүшелері:




Нұрқасымова Алмагүл Бекболқызы




Қыдыров Әнуар



Сазанов Ұлықпан Қуанұлы



Рахманова Бағдагүл Аюповна



Қалиев Өмірбек



Сұлтанова Мира



Аманиязова Жанна



Жұмағалиев Самат

Хаттамасы № 2

Жарқамыс орта мектебінің "Қамқоршылық" кеңестің отырысы

Өткізілген күні : 14.12. 2021ж. сағ 10.00

Өткізілетін орны : Акт залы

Қатысуға тиіс - 13

Қатысқаны - 13

Қатыспағаны - 0

Күн тәртібінде:

1. 1-оқу тоқсанының қорытындысы, мектептегі білім беру сапасын арттыру жолдары.
2. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын - алу . "Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн" акциясының жүру барысы.

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісінің меңгерушісі Туртаева Ира айтып өтті.

Жарқамыс орта мектебінде 2021-2022 оқу жылында 344 оқушы, оның ішінде 147 қыз бала бар. МАД тобында 34 оқушы, 1-4 кластарда 158 оқушы, 5-9 кластарда 149 оқушы. 10-11 кластарда 37 оқушы оқиды. жалпы мектепте 19 класс комплект бар. 1-оқу тоқсаны бойынша 56 үздік, 77 екпінді бар. Білім сапасы 44 % құрап отыр. Жекелей кластарға тоқталсақ , бастауыш кластар бойынша білім сапасы - 41%, 5-9 кластар аралығы 40%, 10-11 кластар бойынша 22%. Жаратылыстану пәндері бойынша 57 %, гуманитарлық пәндер бойынша 59%.

2- мәселе бойынша Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сулейменова Айзат айтып өтті.

2021-2022 оқу жылының басында зорлық - зомбылықтың алдын алу мақсатында жұмыс жоспары жасалып бекітілді. Жоспар бойынша жұмыс атқарылуда. "Зорлық - зомбылықсыз 16 күн" Республикалық науқанның жоспарын мектеп оқушыларына тапсырылды. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыспен құқықбұзушылықтың және зорлық - зомбылық саласындағы заңнама туралы 10-11 класс оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. "Түнгі көше" рейд өткізілді. "Хабарласамыз! Көмектесеміз!" айдарымен оқушылармен ашық әңгіме жүргізілді. 1-11 кластарда "Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа құқылы" тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. "Сенім телефоны" , "Сенім жәшігі" жұмысын мектеп психологі қадағалап, бақылауда. 2а класында "Біз бақытты баламыз" атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. "Қоғамдағы отбасындағы және мектептегі зорлық- зомбылық және бейбітшілік қағидаттары " тақырыбында дебат турнирі 4 желтоқсан күні өткізілді. "Әрқашан күн сөнбесін" тақырыбында 1-4 кластарда суреттер байқауы өткізіліп, оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды. "Біз әлемді өзгертеміз, зорлық зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады" эссе байқауын "Тіл мәдениеті" үйірмесінің жетекшісі Қылышбаева Г. өткізіп, үздік жазылған эсселер марапатталды. "Қандай әлемде өмір сүріп жүрміз?" мектеп психологі 5-10 класс оқушылар арасында сауалнама жүргізіп , "Зорлық - зомбылыққа жол жоқ" атты ата-аналарға жадынама таратты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөйлеушілер:

Сазанов Ұлықпан Қуанұлы - қамқоршылық кеңес мүшесі

1-оқу тоқсаны бойынша оқу ісі меңгерушісінің баяндамасын тындадық. Шыны керек балалардың сабаққа дайындалуы үйдегі балаларымыздан көріп отырмыз өте төмен. Ата-ана үйден қадағалау керек. Балаға жағдай жасау керек. Мектеп пен ата-ана бірлесіп қадағаланса, балада ілгерілеу болады.

Сұлтанова Мира - қамқоршылық кеңес мүшесі


Мектепте баланың құқығын қорғау, зорлық - зомбылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар өте жақсы ұйымдастырылған. Зорлық-зомбылық қазіргі уақытта отбасында, өз орталарында, өздерінен үлкен жасөспірімдер тарапынан болатын жағдай. Сондықтан баланың өміріне қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алу қажет.

Қамқоршылық кеңесінде айтылған ұсыныс-пікірлерді тындай келе қаулы етеді.

1. 1-оқу тоқсандағы мектептің білім сапасын көтеру бойынша жұмыстар күшейтілсін.

2. Зорлық - зомбылық бойынша жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.

Жиналыс төрайымы




Нұрдәулет Файнжамал

Қамқоршылық кеңес мүшелері:




Нұрқасымова Алмагүл Бекболқызы



Қыдыров Әнуар




Сазанов Ұлықпан Қуанұлы




Рахманова Багдагүл Аюповна




Қалиев Өмірбек



Сұлтанова Мира



Аманиязова Жанна



Жұмағалиев Самат

Хаттамасы № 3

Өткізілген күні : 15 .02. 2022ж. сағ 10.00

Өткізілетін орны : Акт залы

Қатысуға тиіс - 12

Қатысқаны - 12

Қатыспағаны - 0

Күн тәртібінде:

1. Мектептің ішкі ережесінің сақталуы.

2. Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы;

2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу шаралары

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісінің орынбасары Сулейменова А.К. айтып өтті.

Жарқамыс орта мектебінің ішкі тәртіп ережесі оқу жылының басында Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен бекітілді. Мектептің ішкі тәртіп Ережесіне сәйкес бірыңғай мектеп формасын сақтау туралы ата-аналар жиналысында ескертілді. Мектеп ережесінің толық сақталуын қадағалау класс жетекшілерге міндеттелде. Қазіргі таңда мектеп ережесіне бағынбай жүрген оқушы жоқ.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе

Оқушылардың қосымша біліммен қамтылуы және бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепте 2021-2022 оқу жылының жоспарына сай 5 ақылы үйірме өткізіледі. Олар "Жас әдебиетшілер" үйірмесі, "Ән-хор" үйірмесі, "Балғын бояу" бейнелеу үйірмесі "Тіл мәдениеті" үйірмесі және "Қазақ күресі" спорттық үйірме жұмыс жасайды, Аудандық Б, Тәжібаев атындағы саз мектебінің филиалы бойынша «Домбыра» үйірмесі жұмыс жасайды. Байғанин БЖСМ бойынша бокс, еркін күрес, самбо күресі бөлімдері бар. Сонымен қатар ақысыз үстел теннисі, волейбол ер балаларға, қыз балаларға спорт үйірмелері ашылған. Арнайы кесте құрылып, кабинеттер бөлініп, уақытылы өткізілуі мен оқушылардың қатысымы қатаң бақылауда.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша

Жарқамыс орта мектебінде 343 оқушы бар. Қызы-147, ері-197. 1-4 кластар аралығындағы оқушы саны-158, 5-9 кластар аралығында 149 оқушы, 10-11 кластар аралығында 37 оқушы.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы бойынша көп балалы отбасының балалары-159, аз қамтылған отбасының балалары-43, толық емес отбасының балалары-7, жартылай жетім отбасының балалары-12 оқушы.

Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жылдық жұмыс жоспар жасалып, бекітілді.

Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді. "Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу" тақырыбында 8-11 класс оқушыларымен ауылдық учаскелік полициясы Әділханов Есболатпен кездесу

тақырыбында мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Оқушылардың кешкі қозғалысын реттеу, қадағалау мақсатында түнгі рейд тұрақты ұйымдастырылып тұрады. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, әсіресе бопсалаушылық, ұрлық, тонау қылмыстарының алдын алу мәселелері күн тәртібіне қойылып Жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Әділхагов Есболат Ерланұлының қатысуымен ата-аналар жиналысы жасалынды. Желтоқсан айында 8 класс оқушыларымен "Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу" тақырыбында құқық негіздері пәнінің мұғалімі Айтпенбетова Назгүл ақпараттық сағат өткізді. 11 класс оқушыларымен "Занды білу - заман талабы" атты пікірлесу сағаты өтті. "Адамның бір қызығы бала деген" тақырыпта телефонның зияны, әртүрлі желілік ойындар, бала өмірінің қауіпсіздігі туралы Байғанин ауданы ПБ ЖПҚ КТШ УПИ полиция капитаны Р.Р. Ергалиевтың қатысуымен ата-аналар арасында дөңгелек үстел өтті. Осы уақытқа дейін мектеп оқушыларының арасында құқықбұзушылық фактілерінің тіркелген жоқ.

Шешімі:

1. Мектептің ішкі тәртіп ережесінің сақталуын қатаң бақылансын.
2. Оқушыларды қосымша біліммен толық қамтамасыз ету жұмыстары күшейтілсін.
3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары жандандырылсын.

Жиналыс төрайымы

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Нұрдәулет Ғайнжамал

Нұрқасымова Алмагүл Бекболқызы

Қыдыров Әнуар

Сазанов Ұлықпан Қуанұлы

Рахманова Багдагүл Аюповна

Қалиев Өмірбек

Сұлтанова Мира

Аманиязова Жанна

Жұмағалиев Самат

Хаттамасы № 4

Жарқамыс орта мектебінің

"Қамқоршылық" кеңестің отырысы

Өткізілген күні : 20.05. 2022ж. сағ 15.00

Өткізілетін орны : Акт залы

Қатысуға тиіс - 13

Қатысқаны - 13

Қатыспағаны - 0

Күн тәртібінде:

1.2020-2021 оқу жылындағы мектеп қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындысы

2. Оқу жылының қорытындысы бойынша оқушыларға оқудағы ерекше жетістіктері үшін шәкіртақы (сыйақы) тағайындау

3. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында салауатты өмір салтын насихаттау бойынша қамқорлыққа мұқтаж оқушыларды сыртқы және мектеп жанындағы лагерге қамтылуын қамтамасыз ету, жазғы каникул кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігі

4. Жазғы мектептің ұйымдастырылу жұмыстары

Тыңдалды.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Нұрдәулет Ғайнжамал кеңестің жыл бойы атқарған жұмысына қысқаша тоқталып өтті.

Кеңес мүшелері жоспар бойынша көрсетілген жұмыстарды атқарып келеді. Атап айтсақ, жыл басынан бері материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау жұмысына қатысып, аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың құжаттарын жинақтауға көмектесіп, жыл бойы қатты мұқтаж оқушыларға көмек көрсетті.

2. 2-мәселе бойынша дарынды балалармен жұмыс қоғамдық ұйымының жетекшісі Аралбаева Ақбота айтып өтті.

Жарқамыс орта мектебінде оқуда, спортта түрлі облыстық , республикалық дәрежедегі бәйгелерде орын алып жүрген оқушыларға біраз жылдан бері шәкіртақы тағайындалған. 2020-2021 оқу жылы бойынша "Жылдың үздік оқушысы" атағына 9 класс оқушысы Жақсылықова Мерейлі ие болып 20мың теңге Жұбан Айжарықов атындағы шәкіртақыға ие болды. «Үздік жоба авторы» атағына 8 класс оқушысы Серғалиұлы Әлихан «ауыл әкімінің байрағына » ие болды.

Спорттағы жетістіктері үшін оқушыларға Жарқамыс орта мектебінде оқып, талай биік белестерді еңсерген білікті мамандар атындағы шәкіртақылар тағайындалған болатын. Сағынбаев атындағы 20мың теңге Сыдықов Нұрбол атындағы 20 мың теңге , Жақин Наурызғали атындағы 20 тың теңге, Шүленов Аслан атындағы 20мың теңге, Асауұлы Амандық атындағы 20мың теңге, Нұрлыбекұлы Қасымбектің атындағы 20мың теңге шәкіртақыларды Шайқы Қобыланды, Жолбаев Ғалымжан, Ғарифоллаұлы Мейіржан, Бакомов Айбек, Серікұлы Диас, Қарағұлов Думан сынды оқушылар иеленді.

3.Жазғы каникул кезіндегі білім алушылардың өмір қауіпсіздігі және құқықбұзушылықтың алдын алу, жазғы сауықтыру лагеріне тарту бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сулейменова Айзат Қуанышовна айтып өтті.

Жаз айларындағы каникул уақытындағы білім алушының қауіпсіздігі бойынша мектепте жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, әрбір класс жетекші өз кластарының оқушыларына және ата-аналарына жеке-жеке де жиналыс өткізді. жазғы каникул мезгіліндегі

қауіпсіздік туралы және құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша кеңірек тоқталып, танысқандығы туралы қолхат алынатын болады. Сонымен қатар

Жазғы сауықтыру лагеріне оның ішінде қала сыртындағы лагерьге аз қамтылған, көп балалы отбасының балалары тартылды. «Күншуақ» лагеріне 1 оқушы тартылса, "Көкжар-бәйтерек" сауықтыру лагеріне 5 оқушының құжаттары тапсырылды.

4-мәселе бойынша оқу ісі меңгерушісі туртаева И.Қ.

"Жазғы мекептің" ұйымдастырылуы жөнінде оқу ісінің Биылғы оқу жылында 26 мамыр мен 19 маусым аралығында жазғы мектеп ұйымдастырылды. Ата-аналардың өтініші бойынша 42 бала қабылданды. Оқушылар өздері таңдаған пәндері бойынша білім алады. Сабақ сағ. 8.30 басталады. Мұғалімдер сабақ жоспарларын жасап, күнделікті сабақты оқушының қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыстанады.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөйлеушілер:

Рахманова Бағдагүл Аюповна - қамқоршылық кеңес мүшесі.

Оқу жылы ішіндегі қамқоршылық кеңес жұмысын қанағаттанарлық деп бағалаймын. Алдағы оқу жылында да жоспар бойынша ұйымшылдықпен көптеген жұмыстар атқарамыз деп ойлаймын.

Аманиязова Жанна -қамқоршылық кеңес мүшесі.

Жазғы сауықтыру лагері бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайы ескерілгені өте орынды деп ойлаймын. Бала біздің болашағымыз. Олардың жаз айындағы жауапкершілігі ата-аналарында болмақ. Сонда да класс жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болу керек деп ойлаймын.

Қамқоршылық кеңесінде айтылған ұсыныс-пікірлерді тыңдай келе қаулы етеді.

1. Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың жазғы демалыстарын ұйымдастыру талапқа сай жүргізілсін.
3. Оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздігі мен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ата-аналармен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
4. Жазғы мектеп бойынша сабақтың өту барысын қадағалау оқу ісінің меңгерушісі И.К. Туртаева міндеттелсін

Жиналыс төрайымы




Нұрдәулет Ғайнжамал


Қамқоршылық кеңес мүшелері:




Нұрқасымова Алмагүл Бекболқызы




Қыдыров Әнуар



Сазанов Ұлықпан Қуанұлы



Рахманова Бағдагүл Аюповна



Қалиев Өмірбек



Сұлтанова Мира



Аманиязова Жанна



Жұмағалиев Самат